М. ОРАЗБЕК

ИНТЕЛЛЕКТУАЛ ҚАҺАРМАН СЫРЫ

Көркем әдебиетте кеңестік идеология мен социалистік реализмге тән мінсіз, кемшіліксіз немесе тек адамгершілікті кейіпкерлер ғана емес, "ұсақ кейіпкер" немесе елеусіз кейіпкер, сондай-ақ интеллектуал кейіпкер мен "антигерой" – қарсы қаһармандар да бар екенін еске салуға тиіспіз. Ал қаһарман мен кейіпкердің мұндай топқа, жалпы типологияға жіктелуі көркем шығармадағы образдың өзіндік характері мен табиғатына тікелей қатысты.

"Интеллектуал қаһарманның басқалардан айырмашылығы, ол өз тұлғасын тек іс-әрекетімен ғана емес, ой-өрісі жағынан да өйгілейді. Оның негізгі өмірлік қағидасы қол жеткізген жетістіктерінің нәтижесімен өлшенбек емес, ал істеген ісі сыртқы жағдайлардың қысымы мен жеке бас мотивінің күштілігінен емес, жоғары интеллектуалдық ой-пікірімен байланысты. Оның басты өмірлік қажеттілігі – адамзат тіршілігі туралы мәңгілік сұрақтар төңірегінде жауап іздеу, тану, шығармашылықпен ізденіс" [1, 518-519].

Интеллектуал кейіпкердің ең негізгі критерийлерін басшылыққа алған зерттеуші Л.Морозованың бұл тұжырымы – жалпы көркем әдебиеттегі біз айтып жүрген өз заманының озық ойлы, қайшылықты қоғамда биік парасатты қаһарманының табиғатына тән қасиеттер. Демек, қазақ әдебиетіндегі ұлы Абай образынан желі тартатын Шоқан, Сұлтанмахмұт, Ақан сері, Оразмұхаммед, Әбілқайыр, Абылай сияқты тарихи тұлғалар бейнесі интеллектуал кейіпкер табиғатына тән болғандықтан, XX ғасырдағы ұлт әдебиетінде мұндай бейнелер ең ықпалды қаһарман болды. Тіпті қарапайым еңбек адамдары мен зиялы қауым өкілдерінің образын жасауда да суреткерлер сүйікті қаһарманын интеллектуал дәрежесіне көтеруге ұмтылды. Сол жолда түрлі рухани ізденіс пен жанрлық ерекшелікке, стильдік тәсілге барды.

Қазақ әдебиетінде интеллектуал кейіпкердің ең озық үлгісі – М.Әуезовтің "Абай жолы" роман эпопеясындағы Абай образы. Оның образ ретіндегі адамгершілік іс-әрекетімен қоса терең ойшылдық пен зор интеллектілік қадір-қасиеті автордың да рухани тұлғасын биіктетіп берген болатын. Интеллектуал қаһарман арқылы суреткердің зор шығармашылық интеллектуал тұлғасы айқындалатыны ақиқат.

"Абай жолы" роман-эпопеясын зерттеген З.Ахметовтың ойымен санассақ: "Абайдың әдеби бейнесі – тарихи тұлғаның нақты көркем көшірмесі екені сөзсіз, сонымен бірге онда автордың рухани әлемі танылады. Нақты айтқанда, көркем сөз шебері Әуезовтің ішкі жандүние байлығы, елінің тарихи өмірі мен қазақтың рухани мәдениетінің даму процесін терең білетіндігі, Абайдың жан-жақты қайраткерлігін аңғарып, оның ойы мен сезімін өте сұңғылалықпен сезінгендігі жазушыға Абайдың көпқырлы көркем бейнесін жасауға, өзінің тарихи тұлғаға тән концепциясын жүзеге асыруға негіз болған. Сондай-ақ, Абай бейнесін оны қоршаған ортамен, қоғаммен, көптеген персонаждармен тығыз қарым-қатынаста аша отырып, бас қаһарманды күрделі әлеуметтік қақтығыстар мен оқиғалар, әр түрлі өмірлік ситуациялардың қақ ортасына қойып, жазушы қоғамдық өмірдің кең панорамасын, өзінің авторлық дәуір концепциясын туғызған" [2, 32].

Автордың интеллектуал кейіпкерді неғұрлым көпқырлы, күрделі бейне етіп жаратуы жазушының "ішкі" жан дүние байлығына", "елінің тарихи өмірі мен рухани мәдениетін терең меңгеруі" мен суреттеп отырған кейіпкерінің ой-дүниесін, іс-әрекетін оның өмір сүрген уақыты мен қоршаған ортасына сай аса сұңғылалықпен сезіне, ұшқыр да бай қиялынан өткізе отырып бейнелеуіне тәуелді. Сол арқылы автор өзіне тән рухани әлемінің де кемелдігін аңғарта алады. Өйткені интеллектуал кейіпкерінің "толық адам" (Абай) мәндес парасаты мен кемел ойы заман, қоғам, тіршілік туралы мәңгілік мәселенің қайтсе де бір қырын, жұмбағы мол сырын ұғынуға жетелейді. Абай – дәл сондай көпқырлы, күрделі бейне. Шынында да, автор бас қаһарманды күрделі әлеуметтік қақтығыстар мен қазақ арасында әбден қалыптасқан әр түрлі өмірлік ситуациялардың (жер дауы, жесір дауы, барымта, болыс сайлауы т.б. толып жатқан жағдайлардың) "қақ ортасына қоя отырып", өзінің Абай дәуірі турасындағы авторлық кемел концепциясын жасаған. Сондай-ақ, ел ішінде ежелден орнап, қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сананың барлығын түгел қамти отырып, Абайдың елден ерек "толық адамдық" санасын абайлық интеллектуал қаһарман табиғатына сай таныта алды. Мұның өзін Абайдай дана объектінің Әуезовтей аса бай субъективтік санаға тап болуынан да жарқырай, жан-жақты танылуына жол ашқандығымен түсіндіруге болады...

Ұлт әдебиетінде "Абай жолынан" кейін де интеллектуал бейнелер жасауға бой ұру, әсіресе XX ғасырдың орта тұсынан бастап өріс алды. Тіпті балалар бейнесінен де интеллектуал кейіпкерлер табиғаты кездеседі. Негізінен интеллектуал кейіпкер кемеліне келген, ақыл-ойы толысып, заман мен уақыт бедерін толық аңғарып, өзінше әрекет ететін немесе өз ортасына ықпал-әсері ерекше көркем образ болуы тиіс.

Балалар бейнесінен де интеллектуал кейіпкерлер жасауға бой ұру кездеседі дейтін себебіміз, Сайын Мұратбековтің "Жусан иісі" повесіндегі Аян образы – бала болса да, өзі қатарлас қаратабан ойын балаларынан сана-сезімі әлдеқайда жоғары, балалық іс-әрекеті ойлы да төзімді етіп суреттелген кейіпкер. Соғыс кезіндегі тіршілігі мен көңіл күйі жүдеу, әрбір үйдің басында өз қайғысы, мұңы бар шағын ауылға басқа жақтан көшіп келген бала етіп суреттеген автор: "*...Адамды іш тартып тұратын жайдары жүзі, не десең де тез көне кететін жұмсақ мінезі бізді бірден үйіріп әкетті... Бір-екі рет кейбір шатақкұмар балалар тиісіп те көрген өзіне. Аян үндеместен қабағын түйіп, сырт айналып кетіп жүрді. Өзінің жауап қайыра алмағанына налығандай боп: – Менің көкем де жоқ, апам да жоқ, сондықтан төбелессем әжем ұрсады ғой, – деп қойды ол*" [3, 16] деп, әке-шешесінің жоқтығына налитын, әрі көрі әжесін аяйтын жан дүние түкпіріндегі өзіне тән қайғы мұңына меңзейді.

Күнделікті бірге ойнап жүрген балаларға интеллектуалды ықпал-әсерін автор оның ертегі айтқан мезетін суреттеген кезде айрықша білдіреді. "*...Дүниедегі жақсылық атаулының бәрі-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән не бір асыл қасиеттің барлығы сол Аянның ертегілерінде болушы еді. Аян батырлық туралы ертегіні айтқанда, біз – алым-жұлым киінген қара борбай балалар бір сәтке жадау қалпымызды ұмытып, шетіміздің көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп, ат ойнақтатып жауға қарсы арыстанша ақыра шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді... Өйткені Аянның ертегілеріндегі батырлар сілтеген көк семсерге қызығып иланатынымыз сонша, оны қару бітеннің құдайы көретінбіз*".

Бала бола тұра жүдеп-жадап, қиыншылықты үлкендермен бірдей көтеріп жүрген басқа балалардың өміріне ерекше тыныс әкелген, бір сәт болса да олардың іштеріндегі қайғыны ұмытқызып, қиялдарын ұштаған Аянның бойында интеллектуал бейнеге тән табиғи творчестволық ізденіс қабілеті күшті, адамгершілік қасиеті де мол образ екеніне автор көз жеткізеді. Интеллектуал кейіпкер дегеніміз адам мен қоғам өміріне алаңдаумен қоса өз болмысында ізденіске толы, шығармашылық қасиет дарыған, басқалардың көңіл күйі мен күйікті шерін тап басып танып, оған араша түсуге бейім образ. Бір сөзбен айтқанда, адам жанын сезгіш, түсінгіш, талғампаз да сұңғыла адам образы – идеал образ деуге болады. Осы жағынан да Аян образы адам баласына тән қарапайым да терең сипатты интеллектілік критерийге жауап бере алады.

Автордың өз ойына жүгінсек те, "*Біз ертегілердің бәрін Аянның өзі күнделікті ойлап шығаратынын білсек те, оған пәлендей мән бермеуші едік. Бар білетініміз: Аян күнде неше түрлі ертегілерді ойлап кеп, кешкілік бізге айтып беруі керек, ал біз ұйып отырып тыңдағанды ғана білеміз*" деп, оның табиғатына тән балалық болмысындағы ізденімпаз шығармашылық қасиетіне мән береді.

Тіпті әжесі өлгенде де құртақандай баланың ауыр ойға түсіп отырса да, ертегі айтып өз-өзін жұбатуы, бір сәт болса да қайғыны ұмытуға тырысып, балалардың көңілін мүлде соны ертегісімен аулауы – бала болса да ішкі қайғысын көрсетпеуге, әлсіздігін білдірмеуге ұмтылған интеллектуал сана мен зор қайраттың белгісі. Әке-шеше түгіл жалғыз әжесінен де айырылған тұл жетім баланың ішкі құсасын сыртқа шығармай, бар ауыртпалыққа төтеп берген қайратты да қажырлы, әрі терең сырға толы балалық пәк бейнесі автордың сол бір ауыр жылдар туралы ұшқыр қиялынан, бай интеллектісінен туғандығы күмәнсіз.

Интеллектуал қаһарман объективті өмірде болған тұлғалардың ғана прототипі емес, Абай, Шоқан, Қаныш сияқты шын өмірде болған адамдардың көркем шығарма сюжетіндегі бейнеленген мінсіз мінезі мен бітім-болмысы, зор интеллектілік сипаты автор ойында қайта жаңғыртылып, өрбитіні даусыз шындық. Бұл бірақ интеллектуал кейіпкер жасаудың бір ғана қыры.

Ал С.Мұратбековтің Аяны – жүрек сыздатар қасіретті жылдардағы бала өмірі туралы авторлық қиялынан, шығармашылық әлемінен жаратылған субъективтік образ. Оның ойдан шығарған Аяны арқылы субъективтік интеллектісі танылады. Соғысқа кеткен әкесіне деген сағыныштан өзегі өртеніп, күн сайын тек оның тер иісі сіңген пальтосын ғана иіскеп, мауқын басып жүрген байғұс баланың ең соңғы үміті әкесінен қара қағаз келгенде де ешкімге көрсетпей, ат қораның түп жағына отырып егіле жылауы – ақиқатында адам баласына тән біліктілік пен зор төзімділіктің көрінісі. Қайғысын жүрегі жаралы өзі сияқты басқаларға білдіргісі келмегені де зор намыс пен асыл адамдықтың белгісі.

Автор оның осы кездегі қасіретті күйін былай бейнелейді: "*Ұзақ жылады. Онан соң көзін сүртті де қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл боп кетіпті. Маған қарады да өз-өзінен жымиып күлді. – Күн ыстық, ә,* – деді." Ішінен өзегі өртеніп, қайғырып тұрған баланың "**өз-өзінен жымиып күлуі**", өзінің бейшара халін көрсеткісі келмеуі, көрсеткен күнде де оған жаны ашудың орнына күллі бала атаулы мазақтап күле ме деген қаупін, тіпті өзінің жылағанын көтеретін, түсінетін жақын бірде-бір жақын адамының қалмағанын түйсініп тұрғанын осы бір "**күн ыстық, ә**" деген жай ғана сөзі арқылы автор адам жанының жұмбақ жаратылысына еріксіз мән бергізеді.

Ол – сонау бір жылдарда әрбір адамның жүрегіне сызат түсірген кезеңді жетім баланың жанға батқан тағдыры арқылы бедерлеген автордың субъективті ой-қиялы. Өйткені шығарма мазмұнында автор-баяндаушы: "*Қу соғыстың бесіктен белімізі шықпай жатқанда-ақ біздің жүрегімізге салған жарасы қаншама еді. Сол жараның тыртығы өмір бойы удай сыздап, жанға батып өтер-ау. Еш уақыт ұмытылмас. Асыр салар балғын шағымызда тағдыр біздің қабырғамызға да бар зілін салды ғой. Сонда да болса басқамыздан гөрі Аянға қатты батып еді. Тағдыр оған дегенде ештеңесін аямады*", – деп, оның ащы тағдырына қатысты өз пікірін сюжеттік оқиғаның ара-арасында білдіріп қалып отырады.

Аяғы ақсап, өзі біреудің есігінде жәутеңдеп жүргеніне қарамастан бала атаулыны еңсесін баскан ауыр еңбектен, "қаралы қағаз" әкелген қасіреттен бір мезгіл ертегісімен алдандырып, қызықты қиялға жетелеген Аян бейнесі шынында автордың да интеллектуалға тән шығармашылық тұлғасын айқындайды. Демек, көркем образға тән мол интеллектілік қасиет – оны тудырушы автордың да интеллектуал шығармашылық тұлғасының биіктен көрінуіне кепіл.

Автор өзінің де жанына жара салған уақыт туралы субъективті ой-дүниесін рухы биік, бірақ жан дүниесі құлазыған бала тағдырымен көркем кестелей отырып, өзгелердің де жүрегіне жеткізе алған. "Нағыз өнер шығармасы қабылдаушы мен суреткер санасының арасындағы алшақтықты тек суреткермен емес, сол өнер дүниесін қабылдаушы барлық адамдармен арадағы саналық бөлінуді де жояды. Тұлға өзінің де басқалардан бөлінуінен, өзінің де жалғыздығынан осылайша азат болады. Сондықтан өзгелерге өз тұлғасын сіңіріп немесе тұтастырып (слияние) жіберуге өнердің ең басты қасиеті мен күші жететіні суреткерді қызықтыра түседі" [4, 165].

Ендеше, объективті өмір шындығын өзінің субъективті әлемінде жандандыра бейнелеген автор өзгелердің санасында да сол бір ауыр жылдар таңбасын жетім баланың мұңды да өшпес бейнесі арқылы жеткізді. Сөйтіп, өзі мен оқырман арасындағы рухани бөлінуді жойып, автор санасында пайда болған субъективті бала образын оқырман санасына жеткізе отырып, авторға тән өз тұлғасын қоса "сіңіріп" жіберген. Автордың жан-жүрегіндегі сызды сезім мен ой-санасындағы соқталы оқиға басқаларға сол күйінде айнымай жеткен.

Интеллектуал образдың өзіне тән атап айтарлық айрықша ерекшелігі де сол – ол тек сырттай ғана биік парасат пен ойшылдық тұрғысында емес, өзге адам санасын өзіне соншалық аударарлық қадір-қасиетімен, күш-қуатымен, жан дүние астарындағы мұңымен, өзіне тән қайратымен әрі қасіретімен де тартып, қызықтырып әкетуінде. Өз қайғысымен өз мұңына оқырманын ортақтастыра алуында жатыр. Сонысымен де өнердің "ең басты қасиеті мен күші" ерекшеленіп, шығармашылық тұлғаның нағыз өнер тудырушыға тән биік интеллектісі танылады.

"Жалпы, кез келген өнер субъективті. Барлық өнер эмоционалды, ол инстинктіге қатысты болғандықтан да қоғамдық өмірге бейімделу барысында эмоционалды сананы туғызады. Кімнің болса да жасырын тілегі күллі адамзат мәдениетімен шексіз ұштасып жатқандықтан да, өнер атаулы өзінің генотиппен тығыз қарым-қатынасынан қашып құтыла алмайды" [5, 218]. Олай болса, өнер әлемінде генотип-автор эмоционалды сананы тудыра отырып, өзінің субъективті жасырын тілегін жеткізіп отырады.

Автор субъективті өнер дүниесі арқылы басқалардың да субъективті санасына сәулесін түсіріп, өз бойындағы өзгеге деген "жасырын тілегі", яғни оқырманның интеллектуалдық танымын көтеруге немесе терендетуге себеп болсам деген авторлық тілегін жеткізу арқылы ықпал етеді. Сондықтан интеллектуал кейіпкер өзінің қабырғасын қайыстырған қайғысымен өлек болып кетпейді, керісінше автор оған басындағы ауыртпалыққа бар қайратымен қарсы тұрып, өзгелердің өміріне жақсылық, ізгілік себуге бейім, үлгі боларлық етіп суреттеуге тырысады. Сөйтіп, ол образ өз қайғысын жан түпкіріне жасырып, басқалардың алдында барынша адамшылық биіктен көрінеді.

Осындай интеллектуалды адам образын шығармасына арқау еткен автор еріксіз оқырман санасына енжар (пассивный) эмоция тудырады немесе "эмоционалды сананы" туғызуға себеп болады. Ал эмоция кез келген адамда ерекше сезім, айрықша

тілек пайда болғанда өз күшіне енеді. Интеллектуал кейіпкер де өзінің әрі ізгі, әрі мұң мен сырға толы жұмбақ жаратылысымен индивидуалды дара тұлға. Гетенің шығармашылық даралығын барынша зерттеген А.Аникстың индивидуализм туралы ойына ден қойсақ, "...өмірде елеулі мәні бардың барлығы индивидуалды, ал индивидуалдылық әрқашанда құпия болып қалмақ. Ал бұл құпияны ақылмен аңғару мүмкін емес, себебі тұлғаның мәні ойлаумен емес, тек сезіммен ашылады. Сезім – болмыстың негізі, ол барлық өмір сүруші бойынан өте алады (немесе бойында бар – М.О.). Сондықтан ақыл емес, эмоция – тұлғаны айқын танытады" [6, 66-67]. Сонда интеллектуал кейіпкер өзінің елеулі болмысымен құпия. Өйткені оның елеулі болатыны өз басындағы басқалардың бәрінен зор қайғыға төзіп, оны сырт көзге білдірмей, өзгелермен қайғы-мұңын бөлісіп, ерекше жігер, рух беруі – шынында да авторға тән творчестволық құпия құдырет күштің әсері.

Ал бұл құпия күш басқалардың да ерекше сезімі мен эмоциясын тудырады. "Жусан иісі" повесінде де тұлдыр жетім Аян балалар үйіне кетіп қалған соң да ауыл балаларының оны ұзақ уақыт бойы еске алып, ұмытпағанын автор-баяндаушы: "*Біз, балалар, Аянды көп уақытқа дейін еске алып, сөз қылушы едік... Аянның ертегілерінің көңілімізге ұялағаны сонша, кейін ер жеткен кезімізде өзімізден кіші балаларды тамсандыра отырып айтатынбыз... Жазға салым Жусандытөбе жақтан қоңыр салқын самал еседі. Ашқылтым иіс аңқиды. Жусанның иісі. Сондайда есіме тағы да Аян түседі. Шынында да бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына не мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса Жусандытөбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой*" деп, соншалық қимастық сағынышты сезіммен бейнелейді.

ӘДЕБИЕТ

1. *Морозова Л.Т.* Типология героя. В кн.: Литература США XX века. Опыт типологического исследования. М.: Наука, 1978.

2. *Ахметов З.* Поэтика эпопеи "Путь Абая" в свете истории ее создания. Алма-Ата: Наука, 1984.

3. *Мұратбеков С.* Жусан иісі. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1991. 1-т.

4. *Толстой Л. Н.* Собрание сочинений. В 22-х т. Т. 15. Статьи об искусстве и литературе.

5. *Кристофер Кодуэлл.* Поэтическое воображение. В кн.: Современная книга по эстетике. Антология. М.: Издательство иностранной литературы, 1957.

6. *Аникст А.А.* Творческий путь Гете. М.: Худож. лит., 1986.